

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РАДИОЭЛЕКТРОНИКА МЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 4 қаңтар N 8. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.12.18. N 1299 қаулысымен. ~P981299

"Республиканың ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1090 U931090_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1993 ж., N 1, 12-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі Ұлттық орталығы (бұдан әрі - Ұлттық орталық) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағынысты кешенді ғылыми-техникалық бірлестік болып табылады деп белгіленсін. <*>

Қазақстан Республикасы Ғылым министрі-Ғылым академиясының президенті тағайындайтын бас директор басқаратын бас дирекция Ұлттық орталыққа басшылық етеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.28.

N 1668 қаулысымен. P961668_

2. Ұлттық орталыққа:

радиоэлектроника мен байланыс саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу және оларды үйлестіру;

радиоэлектроника мен байланысты дамытудың мемлекеттік басымдықтары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

радиоэлектроника мен байланысты дамытудың басым бағыттары бойынша республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын әзірлеу;

радиоэлектроника өнеркәсібіне арналған материалдар мен элементтік база өндірісінің технологияларын әзірлеу және игеру;

ғылымға сүйенетін әрі импортты алмастыратын өндірістер құру;

бәсекелесе алатын өнімдер өндіруді әзірлеу және ұйымдастыру есебінен республиканың экспорттық әлеуетін арттыру;

республиканың әскери-өнеркәсіп кешенінің жаңа технологияларын

радиоэлектроника өнеркәсібімен сабақтастыруды қамтамасыз ету;

радиоэлектроника мен байланыс саласында ғылыми және ғылыми-техникалық кадрлар даярлау және олардың біліктілігін көтеру ісін ұйымдастыру;

халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру жүктелсін

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Алматыдағы "Гранит" өндірістік-техникалық кәсіпорны негізінде Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Радиоэлектроникалық ғылыми-зерттеу институтын және тәжірибелік өндірісі бар арнаулы конструкторлық-технологиялық бюро құру туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

4. Радиоэлектроника ғылыми-зерттеу институты қызметінің негізгі бағыттары :

радиоэлектроника саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
радиоэлектрониканы дамытудың басым бағыттары бойынша республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға қатысу;

энергия мен ресурстар үнемдеуші және экологиялық таза технологиялар, радиоэлектроника өнімдерінің ғылымға сүйенетін әрі импортты алмастырушы өндірістерін құрып, игеру мақсатында зерттеулер жүргізу деп белгіленсін.

5. Тәжірибелік өндірісі бар арнаулы конструкторлық-технологиялық

бюро қызметінің негізгі бағыттары:

радиоэлектроника техникасы мен байланыс құралдарын жасау жөнінде тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

республиканың халық шаруашылығына қажетті радиоэлектроника құрылғыларының жаңа түрлерін әзірлеп, оларды шығаруды игеру;

бәсекелесе алатын радиоэлектроника аппараттарын әзірлеу есебінен республиканың экспорттық әлеуетін арттыру деп анықталсын.

6. Ұлттық орталықтың құрамына заңды ұйымдар құқықтарымен:

радиоэлектроника ғылыми-зерттеу институты;

тәжірибелік өндірісі бар арнаулы конструкторлық-технологиялық бюро;

"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының "Алатау" өндіріс бірлестігі енгізілсін.

(7-тармақ)

<*>

(8-тармақ)

<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.06.20. N 1002
қаулысымен.

P971002_

9. Ұлттық орталық пен арнаулы конструкторлық-технологиялық бюроның бас дирекциясының орналасатын жері Алматы қаласында, радиоэлектроника ғылыми-зерттеу институтының орналасатын жері - Приозерск қаласында белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.28.
N 1668 қаулысымен. P961668_

10. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі екі апталық мерзімде Алматыдағы "Гранит" өндірістік-техникалық кәсіпорынының негізгі қорларын, айналмалы құрал-жабдығын, материалдық ресурстарын, штат санын Радиоэлектроника ғылыми-зерттеу институты мен тәжірибелік өндірісі бар арнаулы конструкторлық-технологиялық бюроға бөліп берсін.

11. Ұлттық орталықты қаржыландыру мемлекеттік бюджет, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кредиттері, орталықтың қызметіне мүдделі бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысынан, сондай-ақ өз әзірлемелерін сатудан алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін. Радиоэлектроника

ғылыми-зерттеу институты мен тәжірибелік өндірісі бар арнаулы конструкторлық-технологиялық бюроның қызметі шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру негізінде жүзеге асырылады.

12.

<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.28.
N 1668 қаулысымен.

(13-тармақ)

<*>

Ескерту. 13-тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 23.12.1994 ж.
N 1451 қаулысымен.

P941451_

14. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар
министрлігі бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының
Радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі ұлттық орталығы туралы
Ережені бекітсін.

(15-тармақ)

<*>

Ескерту. Осы қаулының 7, 15 тармақтарының күші жойылды деп
танылсын (ҚРМК 28 сәуір 1994 ж. N 446 қаулысы) және
1996.10.02. N 1208 қаулысымен.

P961208_

,

P940446_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі